

## Павлодар облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2023 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 32/3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 30 маусымда № 7370-14 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Су Кодексінің 38-бабы 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 569-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес, Павлодар облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Павлодар облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2023 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар облыстық мәслихатының төрағасы*

*И. Теренченко*

Павлодар  
облыстық мәслихатының  
2023 жылғы 27 маусымдағы  
№ 32/3 шешіміне қосымша

## Павлодар облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2023 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері

Р/с №	Арнайы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемелері, теңге
1	Тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	189,81
2	Өнеркәсіп, жылу энергетикасын қоса есептегенде	1000 текше метр	1090,68
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	307,32
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	1000 текше метр	307,32
5	Су көлігі	1000 тонна шақырым	42,18

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК